

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 6 ақпандағы № 59-VIII ҚРЗ

2021 жылғы 28 мамырда Минскіде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

Ресми түрде расталған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

мыналардың:

Халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларға (2005 ж.) (бұдан әрі - ХМСҚ) сәйкес халықаралық маңызы бар және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау бойынша өзара іс-қимылды талап ететін қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлармен (бұдан әрі - төтенше жағдайлар) байланыстырылатын инфекциялық аурулардың әкелінуі мен таралуын;

халықтың денсаулығы үшін ықтимал қауіпті және төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланыстырылатын тауарлардың әкелінуі мен өткізілуін болдырмауда ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай отырып, денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру мен кеңейту және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау жөніндегі мемлекеттік санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізуде ынтымақтасу ниетін басшылыққа ала отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде келісімшарттарды жүзеге асыру және шаруашылық және сауда байланыстарын дамыту кезінде халық денсаулығы үшін ықтимал қауіпті тауарларды әкелуден және өткізуден өзара қорғау мүдделерін негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау жөніндегі қажетті іс-шараларды:

Тізбеге (қоса беріледі) сәйкес төтенше жағдайлармен немесе төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланыстырылатын ауруларға;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің құқығын құрайтын заңнамаға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындалатын тізбелерге сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қатысты жүргізеді.

2-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптар:

ХМСҚ-ны және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде қабылданатын аумақтарды санитариялық қорғау жөніндегі нормативтік құжаттарды іске асыруға жәрдемдесуге;

төтенше жағдайлармен немесе төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланыстырылатын аурулардың әкелінуі мен таралуының алдын алу, сондай-ақ халықтың денсаулығы үшін ықтимал қауіпті тауарлардың әкелінуін болдырмау үшін қажетті шараларды қабылдауға;

төтенше жағдайлармен немесе төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланыстырылатын аурулардың анықталуы мен таралуы туралы Тараптарды жедел хабардар етуге;

аумақтарды санитариялық қорғау жөніндегі іс-шараларды реттейтін нормативтік құқықтық актілермен және басқа да құжаттармен алмасуға;

аумақтарды санитариялық қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы ақпарат алмасуға;

аумақтарды санитариялық қорғау саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктерін зерделеу мақсатында мамандармен алмасуға;

Тараптар ұйымдастыратын халық денсаулығын сақтау проблемалары бойынша конференциялар мен ғылыми кездесулерге, семинарларға, симпозиумдарға, съездерге қатысу үшін мамандар жіберуге;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз етуді жетілдіру және төтенше жағдайлармен немесе төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланыстырылатын гигиена, эпидемиология және аурулардың профилактикасы саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасуға жәрдемдесуге;

санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізуде практикалық, ғылыми, техникалық және басқа да көмек көрсетуге және Тараптардың

кез келгенінің өтініші бойынша мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларды жіберуге міндеттенеді.

3-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында әрбір мемлекет уәкілетті органды (органдарды) айқындайды, бұл туралы мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарламаны жібере отырып бір мезгілде депозитарийді хабардар етеді.

Уәкілетті орган өзгерген жағдайда тиісті Тарап бұл туралы депозитарийге 30 күн ішінде жазбаша хабарлайды.

4-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығын жүзеге асыру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) қызметі шеңберінде жүргізіледі.

Тараптардың аумақтарды санитариялық қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимылын үйлестіруді, нормативтік және әдістемелік құжаттардың, зерттеу жұмыстарының және практикалық іс-шаралардың жобаларын әзірлеуді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын аса қауіпті инфекциялық аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау проблемалары жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) жүзеге асырады.

Үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп аумақтарды санитариялық қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік және әдістемелік құжаттарды әзірлеуді Тұтынушылардың құқықтары мен адамның салауаттылығын қорғау саласын қадағалау жөніндегі Федералдық қызметтің " Микроб" Ресей ғылыми-зерттеу обаға қарсы институты" федералдық денсаулық сақтау қазыналық мекемесі (Ресей Федерациясы) жүзеге асырады.

Үйлестіру кеңесінің ережесі мен құрамын Кеңес бекітеді.

5-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің аумағына халықтың денсаулығы үшін ықтимал қауіпті тауарлардың әкелінуін болдырмауға қажетті шаралар қабылдауға және осындай тауарлардың анықталу және таралу жағдайлары туралы Тараптарды жедел хабардар етуге міндеттенеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын, осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттің аумағынан осы Келісімге қатысушы екінші мемлекеттің аумағына әкетілетін тауарлардың әрбір партиясына халықаралық шарттар мен осы

Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Тараптардың уәкілетті органдары берген бағалау (сәйкестікті растау) туралы құжаттар қоса берілуге тиіс.

Тараптардың уәкілетті органдары халықтың денсаулығы үшін ықтимал қауіпті және төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланысты санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларды өз мемлекетінің аумағына әкелуге уақытша санитариялық шаралар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бір Тараптың уәкілетті органы екінші Тараптың уәкілетті органын уақытша санитариялық шаралардың енгізілгені, олардың қолданылу мерзімдері және олар қолданылатын тауарлардың тізбесі туралы хабардар етеді.

6-бап

Егер осы Келісімге қатысушы мемлекеттер қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы Келісімге қатысушы мемлекеттің осы Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің аумағына жолаушылар мен тауарларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары осы Келісімге қатысушы қабылдаушы мемлекеттің санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келуге тиіс.

7-бап

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) жүргізу кезінде санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін тауар анықталған жағдайда Тараптардың уәкілетті органдары тауарды әкелуді шектеуге, кері қайтаруға, зарарсыздандыруға (залалсыздандыруға), ал көрсетілген шараларды орындау мүмкін болмаған кезде - оны ұлттық заңнамаға сәйкес жоюға құқылы.

Халықтың денсаулығы үшін ықтимал қауіпті және төтенше жағдайдың туындау мүмкіндігімен байланыстырылатын тауардың анықталуы туралы осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдарына хабарланады.

8-бап

Тараптар жүргізетін осы Келісімді іске асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бюджеттерінде министрліктер мен ведомстволарға өздеріне жүктелген функцияларды қамтамасыз етуге және/немесе тиісті ұлттық бағдарламаларды іске асыруға көзделетін қаражаттың шеңберінде, сондай-ақ мемлекеттер (олардың шаруашылық жүргізуші субъектілері) ұлттық заңнамада белгіленген тәртіппен тартатын бюджеттен тыс көздердің есебінен жүзеге асырылады.

9-бап

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының өз мемлекеті қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан ол үшін туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

Осы Келісімнің ережелері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарда 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 6-бабын түсінуде Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

10-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге тиісті хаттамамен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты Тараптар арасындағы даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы шешіледі.

12-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін қосылу туралы құжатты депозитарийге беру жолымен кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы болып табылмайтын мемлекет үшін осы Келісім оған қол қойған немесе оған қосылған мемлекеттердің осындай қосылуға келісімі туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

14-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы шығуға дейін кемінде 6 ай бұрын депозитарийге өзінің осындай ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере отырып және Келісімнің қолданылуы уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерін реттеп, осы Келісімнен шығуға құқылы.

15-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындаған Тараптар үшін 2001 жылғы 31 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім өз қолданысын тоқтатады.

Осы Келісім күшіне енген Тараптар арасындағы қатынастарда 2001 жылғы 31 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім қолданылуын жалғастыратын болады.

Минск қаласында 2021 жылғы 28 мамырда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін

Армения Республикасының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Молдова Республикасының Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы
мемлекеттердің аумақтарын
санитариялық қорғау
саласындағы ынтымақтастық
туралы келісімге
қосымша

Төтенше жағдайлармен немесе төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланыстырылатын аурулардың ТІЗБЕСІ

р/с №	Аурудың атауы	АХАЖ* бойынша коды
	Төтенше жағдайлармен байланыстырылатын аурулар **	
1.	Шешек	ВОЗ

2.	Жабайы полиовирус туындатқан полиомиелит	A80.1, A80.2
3.	Вирустың жаңа кіші типі туындатқан адамның тұмауы	J09, J11: J 1.1
4.	Ауыр жіті респираторлық синдром (АЖРС)	U04: U04.9
	Төтенше жағдайлардың туындауы мүмкіндігімен байланыстырылатын аурулар	
5.	Тырысқақ	A.00: A.00.0, A00.1, A00.9
6.	Оба	A20: A20.0, A20.1, A20.2, A20.3, A20.7, A20.8, A20.9
7.	Сары қызба	A95: A95.0, A95.1, A95.9
8.	Лаоса қызбасы	A96.2
9.	Марбург вирусы туындатқан ауру	A98.3
10	Эбола вирусы туындатқан ауру	A98.4
11	Таяу Шығыс респираторлық синдромы	
12	Безгек	B50: B50.0, B50.8, B50.9; B51: B51.0, B51.8, B51.9; B52: B52.0, B52.8, B52.9; B53.0; B54
13	Батые Ніл қызбасы	A92.3
14	Қырым геморрагиялық қызбасы	A98.0
15	Денге қызбасы	A97: A97.0, A97.1, A97.2, A97.9
16	Рифт-Валли қызбасы (Рифт аңғарлары)	A92.4
17	Зика қызбасы	U06: U06.9
18	Менингококк ауруы	A39: A39.0, A39.1, A39.2, A39.3, A39.4, A39.5, A39.8, A39.9
19	Күйдіргі	A22: A22.0, A22.1, A22.2, A22.7, A22.8, A22.9
20	Бруцеллез	A23: A23.0, A23.1, A23.2, A23.3, A23.8, A23.9
21	Сап және мелиоидоз	A24: A24.0, A24.1, A24.2, A24.3, A24.4
22	Эпидемиялық бөртпе сүзегі	A75: A75.0, A75.1, A75.2, A75.3, A75.9
23	Хунин, Мачупо қызбасы	A96.0; A96.1
24	ХМСҚ-ге 2-қосымшаға сәйкес, халықаралық маңызы бар, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайдарды туындататын басқа да инфекциялық аурулар	

* Аурудың кодтары "Аурулардың және денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктеуішіне" сәйкес келеді.

** Төтенше жағдай 1-4-тармақтар бойынша әрбір ауру жағдайын тіркеу кезінде, қалған тармақтар бойынша - осы Келісімге қатысушы әрбір мемлекеттің шегінде ХМСҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес бағалаудан кейін айқындалған.

**2021 жылғы 28 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге
ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕСКЕРТПЕСІ**

Келісімнің ережелерін Армения Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы жанжалдың салдарлары толық жойылғанға және қатынастар қалыпқа келтірілгенге дейін Әзербайжан Республикасы Армения Республикасына қатысты қолданбайтын болады.

*Әзербайжан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Асадов

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім туралы 2021 жылғы 28 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет Басшылары Кеңесінің шешіміне
АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**

ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

ТМД Үкімет Басшылары Кеңесінің 2021 жылғы 28 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім туралы шешіміне Әзербайжан Республикасының ескертпесінің ұсынылуына байланысты Армян тарапы мынаны атап өту қажет деп санайды.

Армения Республикасы Келісімнің ережелерін Әзербайжан Республикасының Арцах Республикасына қарсы әскери агрессиясының салдары толық жойылғанға дейін және нагор-карабах қақтығысын БҰҰ Жарғысында бекітілген мақсаттарға қол жеткізу мүддесінде халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаттарына сәйкес саяси-дипломатиялық жолмен шешкенге дейін Әзербайжан Республикасына қатысты қолданбайтын болады.

*Армения Республикасының
Вице-Премьерінің міндетін атқарушы*

М. Григорян

Осымен қоса беріліп отырған мәтін 2021 жылғы 28 мамырда Минск қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары кеңесінің отырысында қол

қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің теңтүпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын қуәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*ТМД Атқарушы комитеті төрағасының -
Атқарушы хатшысының бірінші орынбасары*

Л.В. Анфимов

Осымен 2021 жылғы 28 мамырда Минскіде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінге теңтүпнұсқалы екенін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау вице-министрі*

А. Есмағамбетова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК